

З.С. Ильясова ^{1*}, **М.С. Ноғайбаева** ²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: zibaguliyasova@gmail.com

IX-XIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРАБ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ АЙМАҒЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ

Мақалада Сырдарияның орта және төменгі ағысы аймағының тарихи географиясына қатысты IX-XIII ғасырлардағы араб деректеріндегі мәліметтер талданады. әл-Хорезми (IX ғ.), Ибн Хордадбех (IX ғ.), Ибн әл-Факих (IX-X ғғ.), Әбу Зайд әл-Балхи (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл-Мухаллаби (X ғ.), авторы белгісіз Худуд әл-алам (X ғ.), әл-Мақдиси (X ғ.), әл-Беруни (XI ғ.), әл-Идриси (XII ғ.), ас-Самани (XII ғ.), Йақұт әл-Хамауи (XIII ғ.) еңбектеріндегі аталған аймақтағы қалалар мен елді мекендерінің атаулары мен арақашықтығы, керуен жолдары, тарихы мен мәдени өмірі туралы мәліметтері соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы түрде қарастырылады. Араб авторларының шығармаларындағы Отырар-Фараб аймағы, оның басты қалалары Фараб, Кедер туралы мәліметтермен қатар, Усбаникет, Сүткент, Сауран, Сығанақ, Жент, Жанкент қалалары, атауларының өзгерістері мен олардың орналасуының ерекшеліктері, халқы және т.б. туралы деректер жүйелініп, ғылыми-аналитикалық тұрғыдан кешенді түрде талданады. Араб авторларының қалалардың топографиясы, экономикалық маңызы, мәдени және әлеуметтік өмірінің ерекшеліктері туралы мәліметтеріне салыстырмалы талдау жасалды, сондай-ақ кейбір мәліметтер алғаш рет беріліп отыр. Көшпелі және отырықшы өмір салтының өзара байланыстары мен көшпелілік ұғымына қатысты тұжырымдар ұсынылады. Араб географиялық еңбектерінде кездесетін арнайы ортағасырлық терминдер, өлшем бірліктеріне анықтама беріледі.

Түйін сөздер: араб географиялық әдебиеті, ортағасырлық Қазақстан, Орталық Азия, тарихи-география, керуен жолдары, қалалар, климат (иқлим).

Z.S. Ilyasova^{1*}, M.S. Nogaibaeva²

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: zibaguliyasova@gmail.com

Historical geography of the region of the lower and middle reaches of the Syrdarya in Arabic sources of the 9th-13th centuries.

The article analyses information from Arab sources of IX-XIII centuries about historical geography of the middle and lower reaches of the Syrdarya river. On the basis of works by such authors as al-Kharizmi (IX century), Ibn Khordadbeq (IX century), Ibn al-Fakih (IX-X centuries), Abu Zayd al-Balkhi (X century), Ibn Haukal (X century), al-Muhallabi (X century), Hudud al-Alam (X century), al-Maqdisi (X century), al-Beruni (XI century), al-Idrisi (XII century), al-Samani (XII century), Yaqut al-Hamawi (XII century) information about the names and renaming of cities and settlements of the mentioned region and distances between them as well as their caravan routes, history and cultural life underwent comparative analysis with the results of recent archaeological studies. The works by Arab authors on the main cities of the Otyrar-Farab region Farab and Keder, as well as the cities of Usbaniket, Sutkent, Sauran, Syganak, Zhent, Zhankent were systematised and comprehensively analysed from a scientific point of view, and information on changes in their names, peculiarities of their location, population, etc. is given. The Arabic sources on the cities' topography, economic role, peculiarities of their cultural and social life were subjected to comparative analysis and some of the information was presented for the first time. The paper also draws some conclusions regarding the concept of nomadism and the relationship between nomadic and sedentary lifestyles. Special medieval terms and units of measurement found in Arab geographical works are defined.

Key words: arabic geographical literature, medieval Kazakhstan, Middle (Central) Asia, historical geography, caravan routes, cities, climate.

З.С. Ильясова^{1*}, М.С. Ногайбаева²¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: zibaguliyasova@gmail.com

Историческая география региона нижнего и среднего течения Сырдарьи в арабских источниках IX-XIII вв.

В статье проанализированы сведения из арабских источников IX-XIII веков об исторической географии среднего и нижнего течения р.Сырдарьи. На основе трудов таких авторов как аль-Хорезми (IX в.), Ибн Хордадбек (IX в.), Ибн аль-Факих (IX-X вв.), Абу Зайд аль-Балхи (X в.), Ибн Хаукаль (X в.), аль-Мухаллаби (X ғ.), анонимный автор «Худуд аль-Алам» (X в.), аль-Мақдиси (X в.), аль-Беруни (XI в.), аль-Идриси (XII в.), ас-Самани (XII в.), Иакут аль-Хамауи (XIII в.), произведен сравнительный анализ названий городов и поселений указанного региона и расстояний между ними, сведений о караванных путях, истории и культурной жизни в сопоставлении с результатами археологических исследований последних лет. В статье представлен системный анализ трудов арабских авторов о главных городах Отырар-Фарабского региона Фарабе и Кедере, а также городов Усбаникет, Суткент, Сауран, Сыганак, Жент, Жанкент и приведены сведения об изменениях в топонимах и особенностях их расположения, численности населения и др. В статье представлен сравнительный анализ арабских источников о топографии, экономическом значении, особенностях культурной и общественной жизни этих городов, некоторые сведения о которых были представлены впервые. Также в статье представлены выводы относительно понятия кочевничества и связи кочевого и оседлого образа жизни. Определены специальные средневековые термины и единицы измерения, встречающиеся в арабских географических трудах.

Ключевые слова: арабская географическая литература, средневековый Казахстан, Средняя (Центральная) Азия, историческая география, караванные пути, города, климат.

Кіріспе

Араб тіліндегі алғашқы географиялық карта және араб географиялық еңбектерінің алғашқы географиялық шығармасы Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмидің (873-850) еңбегінен бастау алады. Әл-Хорезми ғалым ретінде жергілікті ғылыми дәстүрлер негізінде қалыптасты. Мерв қаласы мен оның төңірегі ғылыми және мәдени ойдың орталығы болып саналды. Әл-Хорезми Иран ғылымының жетістіктерімен, сондай-ақ үнділік ғылыми дәстүрмен де жақсы таныс болды.

Әл-Хорезми еңбегінде сипатталған географиялық объектілердің координаттары көрсетілген. Мұндай белгілердің болуы IX ғасырдың ортасына қарай мұсылман әлеміне танымал болған аймақтардың шекарасын анықтауға мүмкіндік берді. Әл-Хорезмидің географиялық карталармен тығыз байланысты еңбегінде Қазақстан аумағында орналасқан қалалардың координаттары берілген. Онда географиялық координаттары жазба деректерде жиі айтылатын әл-Фарабидің туған жері Отырар қаласына сәйкес келетін Тарбанд қаласы көрсетілген. Тарбандтың шығысында Шымкентке жақын жерде Исфиджаб (Сайрам) қаласы, ал Исфиджабтың солтүстік батысында саудагерлер қаласы ретінде белгілі Тараз қаласы орналасқан делінеді (Кумеков, Кумекова, 2020: 51).

Араб географы Ибн Хордадбехтің (IX ғ.) мәтінінде ендік белдеулер емес, тарихи-географиялық аймақтар мен бағыттар бойынша сипаттама беріледі. Автор сол кездегі нақты мемлекеттік шекараларды сақтай отырып, Сырдарияның арғы жағындағы аймақты Тахирилер (821-873) мемлекетінің бір бөлігі ретінде сипаттайды. 839-840 жж. Самарқан билеушісі Нұх ибн Асад Исфиджаб билеушісіне қарсы жорық жасап, оны бағындырды. Осы кезден бастап Сырдарияның солтүстігіндегі түркі аймақтарының белсенді исламдануы басталады. Шаш, Ферғана Тахиридтер құрамына кірді және дәл осы аймақтарды Ибн Хордадбех сипаттайды (Kitab al-masalik wa-l-mamalik, 1889).

Ибн Хаукаль (X ғ.) еңбегінің де маңызды бөлігі географиялық карталар болып табылады. Мауараннахр облысына жататын бұл картада, көптеген қалаларымен аш-Шаш (Сырдария) өзенінің алқабы көрсетілген. Оның төменгі ағысының батыс жағында Сүткент, Уасидж, Жент, Жанкент, (әл-Кариа әл-Хадиса), Хауара қалалары, ал шығысында Фараб, Кедер, Шауғар (Түркістан), Сауран қалалары орналасқан. Әсіресе Фараб қаласының орналасқан жерін, аймақ емес, қаланың орны деп нақты көрсетеді (История Казахстана в арабских источниках, 2010: 19).

Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар Еуразия кеңістігінің шығысы мен батыс

шетін құрлық арқылы байланыстырып тұрған Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды қалалар ретінде араб авторларының еңбектерінде жан-жақты көрініс тапты. Сырдария қалаларының Исфиджабтан басталып, солтүстік-батыста – Арсубаникент, Арыс, Кедер, Шауғар, Сауран, Сығанаққа әкелетін, одан Жентке және Янгикентке баратын жолдың бойындағы бұл қалалар туралы араб авторларының еңбектерінде қала атауы, орналасуы мен олардың маңызы туралы құнды жазбалар сақталған.

Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған жерінде Фараб немесе Отырар өңірлері орналасты. Төменгі ағысқа қарай Ясы-Түркістан өңірі; Сырдарияның төменгі ағысына қарай Янгикент, Сығанақ, Жент, Баршынлыкент қалалары болды. Тоқсан жолдың тоғысында орналасқан Отырар алқабы немесе ертеректе аталғандай Фараб аймағындағы басты қалалар, олардың өрлеуі мен құлдырауы, жалпы Сыр бойы қалаларының тарихи географиясына қатысты араб деректерінің мәліметтерін талдау өзекті тақырыптардың қатарына жатады.

Зерттеу материалдары және әдістер

Мақалада тарихи-салыстыру, тарихи-жүйелілік, салыстырмалы-диахронды әдістері мен сыни талдау, деректанулық талдаудың дәстүрлі сипаттау тәсілі, ғылыми-аналитикалық және кешенді тұрғыда талдау әдістері қолданылады.

Мәселен, зерттеудің деректік негізін құрайтын Орталық Азия мен Қазақстан туралы мәліметтерді қамтитын IX–XIII ғасырлардағы арабтілді географиялық еңбектерді талдауда тарихи салыстыру мен тарихи-жүйелілік әдістері деректанулық талдау әдістерімен бірге қарастырылды. Зерттеу жұмысында араб-мұсылман авторларының Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар туралы деректері жүйеленіп, ғылыми-аналитикалық тұрғыдан кешенді түрде талданады. Салыстырмалы-диахронды әдістер мен сыни талдау арқылы Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалардың топорграфиясы, экономикалық маңызы, мәдени және әлеуметтік өмірінің ерекшеліктері туралы мәліметтер сол кезеңдегі тарихи-саяси өмірде орын алған үдерістермен байланысты қарастырылды.

Араб географиялық шығармаларының ең көнесі Әбу Жафар Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмидің «Китаб сурат әл-ард» («Жер суретінің кітабы») еңбегі. «Китаб сурат әл-ард» еңбегі

836–837 жж. аралығында жазылды. Әл-Хорезми әлем картасын құрастырып, Жер белдеуінің градусын өлшеудегі астрономиялық зерттеулерге қатысты (Көмеков, Ильясова 2011: 50). Осыдан материалдың орналасу принципі және жер бетін климаттарға («Ықлым») бөлу идеясы алынды. Осыған сәйкес әр бөлімнің материалы климат бойынша орналастырылды. Бізді қызықтыратын мәліметтер V климатта сипатталған.

Осы жерде ықлым (иклим) ғымына түсінік бере кетсек, әл-Истахри ықлым ұғымын кең жағрафиялық аймақ, облыс ретінде қолданады. Адамдар мекендеген жер бөлігін бірдей арақашықтықта экватор белдеуіне паралель орналасқан жеті ықылымға (руб·и маскун) бөлу қалыптасты. Оның бастауы болған танымның негізін гректер қалады, олар жер бетін күн мен түннің ұзақтығы немесе күннің экваторға қарай еңкеюіне қарай климатқа (грек тілінде klima, көпше түрі-klimat) бөлді. Гректер мен арабтардың жер бетін климат-ықылымға бөлу-дегі ұстанымдарының әртүрлілігіне байланысты көптеген айырмашылықтар орын алды. Мысалы, араб жағрафтары Балхи-Истахри-Хаукал қолданған дәстүріне ықылымдар шығыстан батысқа қарай созылған және бір-бірімен жалғасқан аудандар деп қабылданды.

Мақаланы жазу барысында IX–XIII ғасырлардағы араб авторларының еңбектерін әр жылдары түпнұсқа негізінде жарық көрген араб тіліндегі толық басылымдары негізінде пайдаландық. Дегенмен, олардың еңбектерінің үзінділері аударылған жинақтар (МИТТ, 1939; Волин, 1960; МИКК, 1973; История Казахстана в арабских источниках, 2010) да қарастырылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Ортағасырлық жазба деректердегі IX–XIII ғасырлардағы Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қалаларға қатысты жазба дерек мәліметтерін талдауға қатысты мәселелердің өзіндік тарихнамалық дәстүрі қалыптасқан. Бұл зерттеулерді негізі араб географиялық әдебиетін тарихи дерек ретінде зерттеу дәстүрімен, екінші бағыт Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалаларды археологиялық тұрғыдан зерттеумен байланысты қалыптасты. Бірінші бағыт бойынша біз қарастырып отырған мәселеде араб географиялық әдебиеті туралы арнайы зерттеулер француз арабтанушысы Ж.Т. Реноның (1795–1867) классикалық еңбегінен бастап, В.В. Бартольд, В.Ф. Минорский сияқты басқа да көрнекті арабтанушы мамандардың

шығармаларынан орын алды. Солардың арасында академик И.Ю. Крачковскийдің орны ерекше. Зерттеуші араб жағрафиялық әдебиетінің басты ескерткіштерін зерттеу барысында тарихи географиямен бірге археология, этнографияға да қатысты мәселелерді анықтауға көмегі тиетін деректер алудың әдістемесін жасады (Крачковский, 1957).

В.Ф. Минорский «Худуд әл-Алам» еңбегіне сүйеніп, Арал, Каспий маңы, Үстіртте, Сырдарияның төменгі ағысы, батыс шекарасы Ембіде оғыз тайпаларының көшіп-қонып жүргендігін айғақтады (Hudud al-Alam, 1937). В. Бартольд араб авторларының түпнұсқа еңбектеріне сүйене отырып, Сырдария тәрізді қалалардың топографиясына, тарихына, тарихи-географиясына қатысты құнды мағлұматтарды талдады (Бартольд, 1963; Бартольд, 1965;).

Б.Е. Көмеков пен Р.Б. Көмекова Тамим ибн Бахр әл-Муттауа'и (IX ғ.), Саллам ат-Тарджуман (IX ғ.), әл-Жахиз (X ғ.), Ибн әл-Факих (X ғ.), Әбу Дулаф (X ғ.), әл-Балхи (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), әл-Идриси (XII ғ.) шығармаларына тоқтала отырып, Оңтүстік Қазақстан және Сырдария бойындағы қалалардың арақашықтығын, керуен жолдардың бағытын айғақтады (История Казахстана в арабских источниках, 2010). Аталған авторлар IX-XIV ғасырлардағы тарихи карталарды талдай отырып, Қазақстанның тарихи географиясының проблемаларын зерттеп, ортағасырлық Сырдария қалаларының орналасуын карталар негізінде көрсетті (Кумеков, Кумекова, 2020).

Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалардың тарихи географиясына қатысты араб авторларының мәліметтері археолог зерттеушілердің еңбектерінде талданған. Ғалымдар барлау және қазба жұмыстары барысында қол жеткізілген нәтижелерін жазба дерек мәліметтерімен салыстырмалы түрде бере отырып, қалаларды идентификациялау, олардың орналасуына қатысты мәселелері нақты шешу бойынша тамаша зерттеулер жүргізді. Солардың ішінде С.П. Толстов бастаған Хорезм кешенді экспедициясының Жанкент қаласына қатысты (Толстов 1947; Толстов 1962), Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы жұмысының нәтижелерін ерекше атап өтуге болады. Соңғы экспедицияның зерттеу аймағына бұрынғы Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстары және Сырдарияның орта ағысының сол жағалау өңірлері кірген еді. Зерттеу жұмыстарының қоры-

тындысы Отырар шұраттарындағы, Шу-Талас өзендері аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар мен қоныстарды зерттеу, картаға түсіру және хронологиясын анықтау болды. Қала топографиясын зерттеу мен қыш ыдыстарды сыныптау қала мәдениетінің мәдени-тарихи кезеңдерін түйіндеуге, Орта Азиямен болған қолөнер мен сауда, этносаия байланыстардың бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи топография, қалаларды баламалау мәселесі араб деректерінің орыс тіліндегі аудармалары негізінде қаралды (Агеева, Пацевич, 1958).

Әсіресе, К.М. Байпаков еңбектерінде жазба деректер мен кешенді археологиялық зерттеулер негізінде орағасырлық қалалар, олардың шаруашылық, мәдени және саяси дамудағы орны, әлемдік өркениеттегі рөлі көрсетілді. Ғалымның Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының көп жылғы зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген зерттеулерінде мұсылман Ренессансы дәуірімен байланысты ортағасырлық Қазақстан урбанизациясының маңызды кезеңі қарастырылады (Байпаков, 2013; Байпаков, 2016). С. Жолдасбаевтың Сығанақ қаласына қатысты зерттеулері маңызды орын алады (Жолдасбаев, 2010). Ал, М.Қожаның еңбегінде Отырар-Фараб иелігіне қатысты деректер, қала тарихының әр кезеңіне тән археологиялық материалдар талданады. Отырар-Фараб иелігінің тарихи географиясы, елді мекендері, керуен жолдарының бағыттары жазба мәліметтермен, аңыздармен салыстырмалы сипатталады (Қожа, 2017).

Көріп, отырғанымыздай араб тіліндегі Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы ортағасырлық қалаларға қатысты деректерді кешенді түрде талдау деректерді қайта қарастыру мен соңғы зерттеулер нәтижелерімен салыстырмалы түрде қарастырғанда ғана тың нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Отырар-Фараб аймағы және оның басты қалалары туралы мәліметтер: Отырардың ортағасырлық авторлардың көпшілігінің шығармаларында кедесуін археолог ғалымдар аймақтың түрлі географиялық ландшафтардың тоғысында орналасуымен байланыстары. Ол деректерде Жетісу қалалары санатына да, IX-X ғасырлардағы деректерде Испиджаб шеңберіндегі қалалар тізіміне де

кіргізілді (Байпаков, Нұржанов, 1992: 64). IX-XII ғасырларда Шығыстағы Талас жазығынан, солтүстік-батыстағы Сауранға дейінгі аралықтың бәрі Испиджаб өлкесіне жатқызылған. Исфиджабтың батыс жағы Кенжид өңірі. Кенжидтен төменіректе Сырдарияның екі жағында Бараб, Фараб аймағы болған.

Фараб-Отырар аймағындағы ең маңызды қаланың алғашқы «Тарбанд» атауы араб тілді географиялық шығармалардың ең әуелгісі болып саналатын әл-Хорезмидің «Китаб сурат әл-ард» («Жер суреттерінің кітабы») деген еңбегінде кездеседі (ibn Musa al-Huwarizmi, 1926). Сондай-ақ, Тарбанд атауы IX ғ. араб тарихшысы әл-Балазуридің «Китаб футух әл-булдан» атты еңбегінде Самарқанд үшін болған 712 ж. шайқас туралы әңгімеде аталады: «Кутейба Самарқанд халқын қоршады және олар бірнеше мәрте кездесіп соғысты. Соғды патшасы Шаш патшасына хат жазды, ал ол Тарбандта тұратын еді» (ал-Балазури, 1987: 29). Бұдан VII-VIII ғғ. аралығында Тарбанд, Шаш уәлаяттары біртұтас мемлекет болғанын білуге болады.

Фараб атауы ортаазиялық облыстарды арабтар жаулап алғаннан кейін облыс ретінде алғаш рет ат-Табаридің (838-923 жж.) еңбектерінде аталады. Шаш билеушісі 739 жылы араб басқарушысы Наср бин Сеярдтың өтінішімен 734 жылы түріктермен одақтасып, омеяд үкіметіне қарсы шыққан Харис ибн Сурейджаны Фарабқа аттандыруға мәжбүр болады. Осындай дерек келтірген ат-Табари Фарабтың Отырар түріндегі атауын да еске алады (Бал'ами, 1874). Хорасанның 809-818 жж. басқарушысы әл-Мамун халиф әл-Аминмен соғысар алдында Хорасан мен Мауараннахрда жалпы жағдай қолайлы болғанмен, өз уәзірі әл-Фадл ибн Сахлға «Хорасанды талқандап, жабғудың бағынудан бас тартқан бүлігінен соң Тибет билеушісі қағанның... Отырарбенд патшасы әдетте төлеп келген салығын төлеуден бас тартқандығына қарамастан (әл-Аминге қарсы күресуге) тура келеді» деп наразылық білдірген (Балазури, 1896.).

Араб географы Ибн Хордадбех (IX ғ.) «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» еңбегінде «Фараб» қаласы туралы былай жазады: *Фараб қаласына тоқталсақ, онда мұсылмандар мен қарлұқ түркілерінің әскери бөлімі орналасқан* (Kitab al-masalik wa-l-mamalik, 1889: 31). «Түркі қалаларының барлық саны он алты қаланы құрайды». Дәл осы мазмұндағы дерек Ибн әл-Факихтің (X ғ.) «Китаб ахбар әл-булдан»

еңбегінде кездеседі. *«Фараб қаласына келсек, онда бір мұсылман бекеті және басқасы түркі-қарлұқ бекеті. Түркілердің барлық қаласы – он алты»* деп жазады (Ibn al-Fakih al-Hamadani, 1885). Расымен деректе аталып отырған қарлұқ тайпалары VIII-X ғасырларда Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі аумақта, ал олардың топтарының бірі IX ғасырдың бас кезінде Отырар (Фараб) төңірегіне келіп қоныстанды.

Ибн Хаукал (X ғ.) еңбегінің де маңызды бөлігі географиялық карталар болып табылады. Мауараннахр облысына жататын бұл картада, көптеген қалаларымен Шаш (Сырдария) өзенінің алқабы көрсетілген. Оның төменгі ағысының батыс жағында Сүткент, Уасидж, Жент, Жанкент, (әл-Кариа әл-Хадиса), Хауара қалалары, ал шығысында Фараб, Кедер, Шауғар (Түркістан), Сауран қалалары орналасқан. Әсіресе Фараб қаласының орналасқан жерін, аймақ емес, қаланың орны деп нақты көрсетеді (История Казахстана в арабских источниках, 2010: 19).

X ғасырдан бастап жазылған еңбектерде бұл территория Фараб уәлаяты деген атаумен де кездесе бастады. Әбу Зайд әл-Балхи мен Ибн Хаукал мәліметтері бойынша, *«Фараб пен Исфиджабқа келсек, олар Таразға қарайды, Илакпен бірге бәрі де аш-Шашпен іргелес»*, одан әрі Фараб қаласының облыс атауы екенін және оның ұзындығы мен ені бір күнге толмайтын жер екенін жазады.

Фараб – облыс атауы, оның ұзындығы мен ені бойынша аумағы бір күнге толмайтын ғана жер, бірақ оның өзінің қиындықтары мен қайшылықтары бар. Бұл облыстың жері сортаң, кейбір жерлері орманды, батысында аш-Шаш өзенінен суарылатын егістікті алқаптар бар (Ибн Хаукал, 1992: 510).

Араб авторларының еңбектеріндегі Тарбанд-Фараб-Отырар атауының әртүрлі берілуін аталған аймақтағы ру-тайпалардың миграциясы мен саяси өмірдегі өзгерістермен байланыстыруға болады. Зерттеушілер IX ғасырға дейін жазылған еңбектерде Тарбан, Тарбанд қаласының Фараб атауының пайда болуын оғыздарың күшеюімен байланыстырады (Пәрменқұл, Сиздиков, 2022: 285)

«Худуд әл-алам» анонимінің авторы *«Бараб – табиғи бай аймақ. Орталық қаласы Кедер деп аталады. Халқы жауынгер, батыр адамдар. Бұл аймаққа саудагерлер жиналады»* (Худуд әл-‘алам, 1999: 91) деп, Фараб аймағындағы ең ірі қала Кедерді атаса, Әл-Мақдиси (X ғ.) *«Ба-*

раб – рустақтың аты. Жері кең емес. Ең үлкен қалаларының аты да Бараб. Ал, бұл қала үлкен. 70 мың жауынгер жасақтай алады. Қорғаны бар, ішінде мешіт, базарлар, қамал орналасқан. Базарларының көпшілігі қала төңірегінде. Қорған ішінде аздап дүңгіршектер салынған» (әл-Мақдиси, 1991: 272) деп жазады.

Осы жерде әл-Хасан ибн Ахмад әл-Мухаллаби (990 ж.қ.б.) «Китаб әл-масалик уал-мамалик» немесе «әл-‘Азизи» деп аталатын еңбегінде: «Фараб – Фариаб аймақтың аты, жерінің көлемі бір күндік жолға тең келеді. Халқының бойында батылдық пен қуаттың нышаны бар. Фарабтан әл-Кариа әл-Хадиса (Жаңа кент) *تنك ي غني* Ианғи Кент) атты елді-мекенге дейін әл-Ғүзия (Оғыз) елі арқылы жүз фарсах (бір фарсах шамамен 6-7 шақырым). Жол бағыты солтүстік-батыс жаққа қарай. Жүз фарсах бойы бірыңғай әл-Ғүзиялықтардың жерімен жүресің» (al-Muhallabi, 2006:162) деп жазаған. Бір қызығы, автор еңбегінде әл-«Кариа әл-Хадиса» және «Ианғи Кент» деген атау қолданады. Әл-Хасан ибн Ахмад әл-Мухаллаби Мысырда билік құрған Фатимидтер мемлекеті тұсында ғұмыр кешкен саяхатшы ғұламалардың бірі болған. Бірақ, өкініштісі, араб тілінде жазылған биографиялық еңбектерде бұл ғұлама жайында деректер жоқтың қасы.

Араб географы әл-Идрисидің (XII ғ.) еңбегіндегі Мауараннахр аймағына қатысты мәліметтерінде «Негізінде төртінші ықлымның сегізінші бөлігі Хорасан, Мауараннахр өзендері (Амудария және Сырдария өзендері), сондай-ақ, Ферғана, Усрушана, Шаш, Илақ, Фараб қалаларын, *әл-ағзаз* (тоғызғыз) елін қамтиды. Аталмыш аймақтық бөлімдердің әрқайсысында гүлденген қалалар мен атақты қалалардың орталықтары орналасқан... *Фараб* аймақ атауы, жерінің ендік және бойлық көлемін бір күннен аз уақытта өтуге болады, қуатты әрі күшті қала. Егінді-тоғайлы жер» (әл-Идриси, 2002: 695) ретінде сипаттаған. Фараб – Йақұт әл-Хамауидің (XIII ғ.) «Му‘жам әл-булдан» еңбегінде Утрар және Турарбанд деген атаулармен кездеседі. *Утрар (Отырар) – түркілер шекарасындағы ең алғашқы, кең аймақтың және бекіністі қаланың аты, Мауараннахрдағы Сейхун өзені жағалауындағы Фарабқа жақын* (Йақұт, Т.I, 1977: 218). «*Турарбанд – Сейхунның арғы жағында, Шаш қалаларының ең алысы, одан әрі Түркістан (басталады). Ол – Мауараннахрдағы ислам дүниесінің соңғы қаласы. Ол елдің тұрғындары атаудың соңғы жартысын қалдырып,*

Турар немесе Утрар деп айтады. Ол бесінші ықлымда орналасқан. Оның бойлығы 90°30’, ал ендігі 39°30’-ге тең (Йақұт, Т.IV, 1977д: 27).

Йақұт әл-Хамауиде «Фараб» деп аталатын жеке мақала бар. Онда «*Фараб – Түркі елінің шекарасында орналасқан. Сырдария өзенінің арғы бетіндегі иелік. Шаштан алыс, Бала-сағұнга жақын. Жерінің бойлық және ендік көлемін бір күннен аз уақытта жүріп өтуге болады. Дегенмен де, қорғанысы мықты бекіністі қала, сортаңды-тоғайлы жер. Шаш өзенінен (Сырдария) бастау алатын су алқабының батыс бөлігінде орналасқан егін алқаптары бар*» (Йақұт, Т.IV, 1977в: 225). Фараб қаласының орнынан кейін, Йақұт әл-Хамауи ол жерден шыққан ғұламалар Исмайыл әл-Жауһари әл-Фараби (т.ж.б. –1008), Әбу Ибраһим Исхақ бин Ибраһим әл-Фараби (т.ж.б. – 961) және энциклопедист ғалым Әбу Насыр әл-Фараби туралы және олардың еңбектері туралы мәлімет береді (Йақұт, Т.IV, 1977в: 225). Сонымен бірге, Йақұт әл-Хамауи Фараб қаласын Исфиджаб, Тараз, Саникас, Сауран қалаларымен бірге 1211-1215 жж. Хорезмшах Мұхаммедтің Күшлік ханмен соғысы барысында қиратылғанын жазады (Йақұт, Т.IVв, 1977: 225).

Отырар ежелден-ақ ғылым мен мәдениет, сауда өндірісі, егін, мал шаруашылығы қатар дамыған әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі болды. Оғыз мемлекеті құрылғанға дейін Фараб оазисіндегі басты саяси орталық Отырар қаласы болған еді.

Саманилердің Орта Азиядағы саяси үстемдігі кезінде Фараб Исфиджаб округінің құрамында болды, оны X ғ. түрік әулеті басқарды. Саманилер үшін Исфиджаб солтүстік шекарадағы бекініс болды. X ғасырда Саманилер Фарабта теңгелер шығарды.

Фараб, Исфиджабтың солтүстігінде орналасқан басқа да аймақтар сияқты XI ғасырдың ортасында, қарахандықтардың иелігіне кірді. XII ғасыр деректерінде Фараб туралы айтылмаған. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияны қарақытайлар басып алды. XII ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың басында күшейген Хорезмшахтар мемлекеті қарақытайларға қарсы соғыса бастады. Хорезмшахтардың Сырдарияның арғы жағындағы жорықтарын сипаттайтын тарихи еңбектердің беттерінде Отырар қаласы қайтадан пайда болады (Байпаков, 2013: 31).

X ғасырда Отырар жазирасында бас қала болған *Кедер* қаласы әл-Балхи, әл-Истахри және Ибн Хаукалдің деректерінде Фараб уәлаятының бас қаласы ретінде аталады.

Әл-Истахридің жазбасында Усбаникеттен Бараб округінің бас қаласы Кедерге дейін екі күндік жер екендігі келтірілген (al-Istakhrī, 1927). Ал, Ибн Хаукал Кедер қаласы туралы: «Кедер Фараб пен Уасидж өңірінің басты қаласы, әрі Фараб қалаларына жатады. Уасиджден көне авторлардың кітаптарына логикалық түсіндірме жазған Әбу Насыр әл-Фараби шыққан. Ол біздің заманымызда біздің дәуірде өмір сүргендердің барлығы үшін үлкен тұлға» (Ибн Хаукал, 1992: 511). Бұл жерде Ибн Хаукал әл-Балхидің дерегінде жоқ Әбу Насыр әл-Фараби туралы маңызды дерек келтіріп отыр. Одан әрі «Усбаникеттен Фарабтың басты қаласы Кедерге дейін екі оңай мархала бар. Кедерден Шауғарға дейін бір мархала. Шауғардан Сабранға дейін бір оңай мархала. Уасидж Кедерден екі фарсах жерде өзеннің батыс жағалауында орналасқан. Фараб өзеннің шығыс жағында орналасқан. Кедер мен өзеннің арасы жарты фарсахты құрайды» (Ибн Хаукал, 1992: 523-524) деп жазады. Мұндағы *Мархала* (مَرْحَلَة) – ортағасырлар кезеңінде керуен бір күнде жүріп өте алатын қашықтық өлшемі. Бұл қашықтық жол жағдайына байланысты 3-тен 5 фарсақ аралығын құраған. Егер бір фарсақ 6-7 шақырымға тең болса, шамамен 20-35 шақырым болады.

«Худуд әл-‘аламде» (X) «Бараб – табиғи бай аймақ. Орталық қаласы Кедер деп аталады. Халқы жауынгер, батыр адамдар. Бұл аймаққа көпестер жиналады» (Худуд әл-‘алам, 1999: 91) деген мәліметі де Кедерді Фараб аймағының бас қаласы болғандығын дәлелдейді. Әл-Макдиси «Кедер – жаңа қала. Қала мінберін тұрғызуда соғыстар жүрген. Қуатты халық. Мұнда хадис ғалымдары басым» (Әл-Макдиси, 1991: 272) деп, ол Кедердің мәдени орталық болғандығын көрсетеді. Әл-Идриси «Кедер болса, Барабтың бас қаласы, Уасидж да Бараб құрамына кіреді» (әл-Идриси, 2002: 705) деген мәліметін Ибн Хаукалдан алған.

Ортағасырлық деректерге сүйене отырып, археологтар Кедер қаласының орнын толық анықтаған. Қиранды орны Отырар қалажұртының солтүстік-батысында 5 км қашықтықта орналасқан қазір Құйрықтөбе қалажұрты атауымен байланыстырылады (Байпаков, 2013: 33). Құйрықтөбе сонымен қатар, Отырар өңірінен анықталған ең ежелгі мешіттің табылуымен де танымал болып отырған қала. Оғыз державасының құлдырау кезеңінде Кедер қаласы да құлдырау кезеңін бастан кешірген. Қала Фараб

округіндегі бас қала мәртебесінен айрылып, бұл өлкенің саяси орталығы ретінде қайтадан Отырар аталады.

Фараб округінде Кедерден екі фарсах жерде орналасқан Уасиж қаласы әл-Балхи, Ибн Хаукалдың мәліметтерінде Исфиджаб төңірегіндегі қалалар тізімінде көрсетілсе, Йақұт әл-Хамауи «Уасиж – Мауараннахрдың арғы жағындағы Түркістан аудандарының бірі» деп жазады (Йақұт, Т.V.1977д: 377). Отырардан шыққан жолдың бір тармағы Шауғарға, екінші тармағы Сырдария өткелінен өтіп, Уасиж қаласына баратын болған.

Кедердің солтүстік-батысында, Сырдарияның төменгі ағысында орталық қаламен аттас Шауғар округі орналасқан. Шауғар Карачик өзені бойындағы Төрткүл 1 елді мекенімен сәйкестендіріледі. Соғды тілінде Карачик «қара таулар» дегенді білдіреді, бұл атаудың аудармасы – Қарашық. Қарашық қаласы деректерде оғыздардың қаласы, түркі тілінен аударғанда «Қара тау» деп аталады. Одан кейін Шауғар округі Түркістан қаласының орнында орналасқан Яссы қаласына ауысады (Байпаков, 2013: 34).

Шауғар туралы әл-Макдиси (X ғ.) «Шауғар – рустақтағы кең, үлкен қала. Қорғаны бар. Мешіті базар шетінде орналасқан. Үлкен, кең жолдан шет орналасқан» деп жазады (әл-Макдиси, 1991: 272). (Рустақ – арабша, егістігі бар, адамдар қауымдасып тұратын ауыл немесе үйлер бар жер). Йақұт әл-Хамауидің (XIII ғ.) «Му‘жам әл-булдан» еңбегінде «Шауғар – (Шауғар) – түрік елдерінің бірі» (Йақұт, Т.III. 1977б: 316) деген дерек келтіреді. Йақұт әл-Хамауиде «Түркістан» деп аталатын үлкен мақала бар.

Усбаникет. Араб географтары Сауран қаласына дейінгі барлық Сырдария қалаларын Исфиджаб округіне кіргізді. Исфиджабтан керуен жолы солтүстік-батысқа қарай Арыс жағасына шықты. Ортағасыр кезінде Арыс өзенінің ортаңғы ағысында Кенидже (Кенджид) округі орналасқан. Осы округтің бас қаласы Арсубаникет (Субаникет, Усбаникет) деп аталатын. Қала туралы әл-Балхи (X ғ.), әл-Истахри (X ғ.), Ибн Хаукал (X ғ.), Әл-Идриси (XII ғ.) Субаникет деп қолданып, Кенджид округінің бас қаласы екендігін жазған. Әл-Макдиси (X ғ.) болса «Арсубаникет – үлкен, таза, бекінісі мықты қала. Мешіт – мединеде (қала орталығында), ал құрылыстар – рабатта (қаланың айналасында)» деп жазады (әл-Макдиси, 1991: 272). Ас-Самани (XII ғ.) Усбаникас қаласына

қатысты «Ол – Исфиджаб құрамындағы, одан алыс қашықтықта орналасқан қалалардың бірі» (ас-Самани, 1980:26) екендігін жазса, Йақұт әл-Хамауи (XIII ғ.) «Усбаникас Исфиджаб қалаларының бірі, ол екеуінің арасы күндік жер» (Йақұт, Т.І. 977: 171) дейді.

К.М. Байпаков Усбаникас (Арсубаникас) қаласын Арыс өзені бойындағы Мамаевқаға жақын Жуантөбе деп санайды (Байпаков 1986: 223). Бірақ кейінгі зерттеулер қала орны басқа жерде екенін анықтады. Мәселен, Д. Талеев Арсубаникетті Арыс өңіріндегі кейінгі ортағасыр кезінде дәурен құрған қала Қарасманның (Халад-Қарасман) орнымен сәйкестендіреді (Талеев, 2008: 188). Арсубаникет қаласының аты XII ғ. кейінгі жазба деректерде кездеспейді. Бірақ XIII ғ. Кенжид округінде соғылған теңгелер жайлы археологиялық мәліметтер бар (Талеев, 2008: 188). Дәл осындай пікірді ғалым Б.А. Байтанаев растап, «Кенжида ауданының орталығы Арсубаникет қаласы Қараспантөбеге сәйкес келеді, бұл қоныс Жуантөбеге

генетикалық жағынан жақын, жер бедері ұқсас. Орталық бөлігінде айнала рабатпен қоршалған ескерткіштер бар. Жуантөбе орнында жүргізілген археологиялық зерттеулер қаланың VIII ғасырда жойылып кеткенін көрсетеді. Ал Қараспантөбе қонысы соңғы зерттеулер бойынша XVI ғасырға дейін болған» деген тұжырымын ұсынған (Байтанаев, 2012: 44).

Сүткент. Жазба деректердегі келесі қала Сырдарияның сол жағалауындағы ортағасырлық Сүткент қаласы. Сүткент – Сырдарияның сол жағалауында орналасқан ежелгі қалалардың бірі. XI ғасырда оғыз қалаларының тізіміне енген. IX ғасырда Сүткент қаласы қарлұқтардың қоластында болды. Ал, X ғасырда қаланы оғыздар мекендеді. Олар X ғасырда Сырдарияның сол жағалауымен Фараб аймағына кіріп, Сүткент қаласына дейін жеткен. әл-Балхи, Ибн Хаукал және әл-Истахридің аталмыш қалалар туралы тарихи-географиялық мәліметтері көп жағдайда сәйкес келеді.

Қараңыз: 1-кесте.

1-кесте. Сүткент қаласының сипаттамасы (Әл-Балхи, Ибн Хаукал, Худуд әл-алам, Әл-Беруни және әл-Идриси мәліметтеріне сәйкес)

Әл-Балхи (X ғ.)	Ибн Хаукал (X ғ.)	Худуд әл-алам (X ғ.)	Әл-Беруни (XI ғ.)	Әл-Идриси (XII ғ.)
Аш-Шаш өзенінің батыс алқабында орналақан Сүткентте мешіт бар. Бұл түркілердің жиналатын орны. Исламды оғыздар мен қарлұқтар тобы қабылдады, түркілер арасында олар ерлікке ие.	Сүткент, онда мешіт бар. Ол түркілердің жиналатын жері. Олардың арасында исламды қабылдаған әртүрлі тайпалар бар. Исламға оғыздар мен қарлұқтардың топтары кірген. Олар түркілердің арасындағы ең батылдары және тәкаппарлары.	<i>Сутканд</i> – өзен жағасында орналасқан, табиғи бай жер. Халқы жауынгер адамдар. Сонымен бірге онда түркілердің бейбіт тұрғындары тұрады, олардың көптеген тайпалары мұсылмандықты қабылдаған.	Сүткенд – Шаш өзені атымен белгілі Хазарт өзенінің бойында орналасқан 84 20/ 43 10.	<i>Сүткенд</i> – мінбері бар, түркілердің бас қосатын жері. Қала су алқабының батыс жақ бойында орналасқан, жақын жерде <i>Барак</i> өзені ағып жатыр.

Қазақстанның ортағасырлық тарихында өзіндік із қалдырған осы қаланың әркездегі орны бұл күнде бірнеше жерде орналасқан. Д. Талеев: «Сүткенттің келесі кезеңдегі орны (Біз берген атау бойынша Сүткент II) бұл күнде «Шыңғыстөбе» деп аталады. Ол төбе ауылдың солтүстік-батыс шетінде жатыр. Ибн Хаукал мен әл-Истахри жазбалары мен авторы белгісіз шығарма «Худуд әл-аламда» айтылатын Сүткент қаласының орны осы Шыңғыстөбе қалашығы болар деп шамаладық, – дейді (Талеев, 2022: 63).

Сауран қаласы туралы X ғ. авторлары әл-Балхи, Ибн Хаукал, әл-Истахри және Худуд әл-

алам, әл-Макдиси және XII ғ. авторы әл-Идриси, XIII ғ. авторлары Йақұт әл-Хамауи, Ибн әл-Асирдің еңбектерінде кездеседі.

Ибн Хаукал «*Сабран оғыздардың бейбіт келісімге келіп, бейбіт жағдайда еркін сауда жүргізуге келісім шарт жасау үшін жиналатын қаласы. Бұл бекініс-қала*» (Ибн Хаукал, 1992: 424) деп көрсетсе, Худуд әл-алам дерегі бойынша «*Сабран – табиғи бай қала. Бұнда оғыз көпестері жиналады*» (Худуд әл-алам, 1999: 272).

Әл-Макдиси «*Сауран – үлкен қала, бірінің артынан бірі тұрғызылған жеті қорғаны бар.*

Қала ауласы қорған ішінде. Мешіт ішкі қалада. Аталмыш қала оғыздар мен қимақтардан сақтану үшін салынған шеп». Ал келесі бір мәліметінде автор Сауранды Исфиджаб қалаларының тізімінде көрсетеді (Әл-Мақдиси, 1991: 272).

Қаратөбе-Сауран қаласының ең сыртқы қорғаны төбе жиегінен есептегенде 7 001 000 м жерден төбені қоршап орналасқан, бұл әл-Мақдиси жазып кеткен қаланы қоршаған жеті қорғанның ең сыртқысы болуы керек. Оның қоршаған аумағының көлемі 252 га шамасындағы қаланың «рабад» деп аталатын бөлігі, мұнда қала тұрғындары бау-бақшамен, егіншілікпен айналысқан. Бұл территориямен солтүстіктен оңтүстікке қарай екі терең жылға, бір көріз жүйесі өтеді. Қорғанның жалпы ұзындығы 5 км 400 м-ге тең (Байпаков, Смағұлов 2005: 71).

Әл-Идриси «Сабран – оғыздар бітім жасасқан кезде, келісім мен сауда-саттық үшін жиналатын жерлері» деп жазады (әл-Идриси, 2002: 705).

Осы мәліметке сүйене отырып, кейбір зерттеушілер Сауран қаласы ғана емес, Сырдарияның орта ағысы мен Арыс алабының оң жағалауының бүкіл аумағы, Тараз қаласына дейінгі жерлер оғыз мемлекеті жабғуының құрамында болған деп есептейді (Толстов, 1947: 21).

ХІІІ ғ. авторы Йәқұт әл-Хамауидің «Сабран – Мауараннахрдағы биік қорғаны бар Сейхун өзенінің арғы бетінде орналасқан кішкентай қала. Онда келіссөз және сауда ісімен шұғылданатын түріктердің ішіндегі оғыз тайпалары тұрады. Оның айналасы құрғақшылық» (Йәқұт, Т.IV. 1977д: 391) деген дерегі де дәлелдейді. Х ғасырда оғыздардың тайпалары Сырдарияның орта ағысында орналасқанын араб жазба деректері нақтылап бергенін көруге болады.

Моңғол шапқыншылығынан кейінгі дәуірде Сауран жаңа жерге көшкені анықталды, ал моңғол шапқыншылығына дейінгі Сауран біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырлары мен ХІІІ ғасырдың басына жататын Қаратөбе қонысымен сәйкестендіріледі. Сауран-Қаратөбе сәйкестігін әл-Мақдиси жазған «жеті қабырғамен» салыстыруға келетін бірнеше қатарлардың болуымен сипатталатын қоныстың жер бедері айғақтайды (Смағұлов, 2010: 298).

Сырдарияның төменгі ағысында оғыздардың Сығанақ, Ашнас, Сырлытам, Заңғар-қала, Баршынкент, Жент, Жанкент, Хуара қалалары

болған. Біздің зерттеуіміздегі араб деректерінде Ашнас, Баршынкент, Сырлытам, Заңғар-қалалары аталмайды.

Сығанақ. Сығанақ қалашығы (ХІІ-ХV ғғ.) Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақ ата ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Сығанақ Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы болды. Қарахандар мен Қыпшақ хандығы Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи тағдырында маңызды рөл атқарды.

Деректерде Сығанақ атауы (Сунах, Сугнақ, Суғанақ) Х ғасырдан бастап кездесе бастайды. Ол Сауранға жақын Сырдария бойындағы қала. Сығанақ туралы ең алғашқы дерек «Худуд әл-‘аламда» кездеседі. «Сунах – Бараб қалаларының бірі. Табиғаты бай. Бұл жерден сырт елдерге жақсы, сапалы садақтар тасымалданады» (Худуд әл-‘алам, 1999: 91).

Ас-Самани (ХІІ ғ.) «Әс-Сунахи – бұл есім «Сунах» елді мекенімен байланысты. Сунах Мауараннахрдағы Сырдария өзенінің арғы бетіндегі *Фараб* ауылдарының бірі. Осы өлкеден атакты тұлғалар шыққан. Солардың бірі: Әбу-л-Фадл Сиддиқ ибн Са‘ид ас-Сунахи әл-Фараби Сунақ ауылынан. Әбу Са‘д әл-Идриси Сунахты Исфиджаб қаласының иелігіндегі ауыл деп көрсеткен. Ас-Сунахи Самарқандта Мұхаммед ибн Насыр әл-Марузидің алдында бірнеше кітаптарды оқыған. Сосын Самарқандтан шығып, Бұхараға барған. Ол шаһарда Саһл ибн Шауайх әл-Бухари, Хамид ибн Саһл әл-Бухари, Хафиз Әбу ‘Али Салих ибн Мұхаммед әл-Бағдади, Хафиз Наср ибн Ахмед және басқа танымал ғұламалардан хадис жазып алған. Ас-Сунахидің ұстаздарынан естіп, жеткізген риуаяттары сахих болып табылады. Ол һижра жыл қайыруы бойынша үш жүз елуінші жылдан кейін Фарабта дүниеден өтті (350/961-962)» – деп жазады (ас-Самани, Т.2. 1980: 26).

Хамдаллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Ахмед ибн Насыр әл-Мұстауфи әл-Қазуини (1280-1350) «Нузхат әл-қулуб» («Жүрек қуанышы») атты еңбегінде Сунақты (Сығанақты) Мауараннахр өлкесіндегі Отырар, Шаш, Исфиджаб, Тараз секілді қалалар қатарына жатқызады, яғни ол Сунақты бөлек қала ретінде көрсетеді.

Бұл кітаптың 261-бетінде Сығанақ туралы жазылған. Мұсылмандардың күш-қуаты көп, Мәуереннаһр өлкесі үлкен, ылылым заманның милади 4-ғасырынан мәшһүр болған Бұхара мен Самарқанд, Соғды мен Қоженд, Зурнақ пен Нур және Кеш, Бадахшан мен Термез және Ашназ бен

Бикенд және Асрушәне және Өзкенд пен Атрак және Шаш, Еспиджап пен Несф, Тахшаб, Тараз және Фараб және Қанакент пен Сығанақ және Кент және аймақтар суретінің кескіндемесінде айтылғандай біздің заманымызда Бұхара диуары болған Қатар (Қараташ-деп жазылған) 12 фарсақ болған және Соғды мәшһр еді. Бұхарадан Самарқанға шейін сегіз күндік жол, және айналасы бау-бақша болатын дейді. (The Geographical Part of the Nuzhat-al-Qulub, 1915, 261). Ал, XIII ғ. авторы Йақұт әл-Хамуи «Му'жам әл-булдан» еңбегінде «Сунах – Фараб қаласының маңында Сейхун өзеніне жақын (орналасқан)» деп жазды (Йақұт, Т.Ш. 1977в: 435).

Исфиджабтан жүрген бір керуен жолы батысқа Арсубаникет қаласынан өтіп, Сырдарияның оң жағасындағы Отырар, Түркістан, Шауғар, Сауран, Ақтөбе, Ордакент, Сығанақ, Бестам, Нәнсай қалалары арқылы Сырдарияның төменгі ағысына, онан әрі Жайық, Еділ өзендеріне өткен (Елеуов, Есенов, 2019:147). Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағының бойында орналасқан Сығанақ қаласы Шығыс пен Батыстың көптеген ірі қалаларымен сауда, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарда маңызды роль атқарды.

Археологтар Моңғол шапқыншылығына дейінгі Сығанақтың орнын әлі анықтамады. (Syzydykov B., Zhetibayev K., Bakhtybayev M, 2021). Археологтардың алдында моңғол шапқыншылығына дейінгі Сығанаққа сәйкес келетін көне қонысты анықтау міндеті тұр. Жазба деректердің мардымсыз мәліметтері Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалардағы этномәдени үдерістердің жалпы сызбасын ғана көрсетуге мүмкіндік береді.

Жент. Сырдарияның төменгі ағысында Жент, Жанкент және Хора қалалары оғыздарға тиесілі болған. Жент, Жанкент және Хора қалалары әл-Балхи, әл-Истахри, Ибн Хаукал, әл-Идрисидің карталарында көрсетілген.

Әл-Истахри (X ғасырдың ортасы) әл-Балхидің географиялық шығармасы мен карталарын толығымен дерлік пайдаланған. Ибн Хаукал әл-Истахридін еңбегін өңдеп, толықтырған. Мауераннахрдың солтүстігінде Сырдария (Нахраш-Шаш) өзені көрсетілген. Оның екі жағалауында оғыз қалалары орналасқан. Ибн Хаукал әл-Истахри еңбегінің мәтініне түзетулер енгізіп, Хуара, Карйа әл-Хадиса және Жент қалаларының орнын Сырдарияның төменгі ағысының сол жағалауында деп көрсетеді (Кумеков, Кумекова, 2020: 25).

«Худуд әл-‘аламда» «Хорезм мен оғыздар даласы – Шығысында Мерв пен Жейхұн, оңтүстігінде Бауард, Наса, Фарах, Диһистан орналасқан. Содан кейін бұл дала Хазар теңізіне дейін, одан әрі Еділге дейін көсіліп жатыр. Солтүстігінде Жейхұн, Хорезм теңізі, оғыздар елі орналасқан. Ол бұлғарлар жеріне дейін жетеді. Бұл даланың құмды жері бар, ол Балх шекарасынан бастап Жейхұнның оңтүстігіне дейін жетеді, одан әрі Хорезм теңізіне дейін көсіліп жатыр. Құмды даланың көлемі бір жерде бір күн болса, басқа бір жерде жеті күнге жетеді және қимақтар мен Жент, Жуаран арасында орналасқан тағы бір құмды дала бар. Бойлық көлемі ұзыннан-ұзақ созылып жатыр. Ені қысқа» деп жазады (Худуд әл-‘Алам, 1999:45).

Йақұт әл-Хамауидің (XIII ғ.) «Му'жам әл-булдан» еңбегінде «Жанд (Женд) – Түркістан еліндегі үлкен қаланың аты. Онымен Хорезмнің арасы 10 күндік жер. Мауараннахрдағы Сейхун өзеніне жақын, түркілер елінің қарсысында. Халқы – мұсылман, Әбу Ханифа мазхабын ұстанады. Қазір бұл қала татарлардың қолында, оларға Алланың лағынеті жаусын және оның жағдайы белгісіз» – деп жазады (Йақұт, II, 1977а: 168).

С.П. Толстов Женттің орнын анықтап, Сырдарияның орта және төменгі алабындағы барлық ірі қалалар әлі күнге дейін өз атауларын өзгеріссіз сақтап қалғанын жазады. Янгикент – Жанкент-қала, Сауран – Сауран, Сығнақ – Сунақ-қорған; Ашнас – Асанас. Ал Сырдарияның төменгі ағысындағы әлі күнге дейін Жент атауын сақтап келген жалғыз ескерткішті – Жанқала елді мекені деп санайды (Толстов, 1962: 288).

Жанкент (Янгикент). Жанкент – академик С.П. Толстов «батпақтағы қалалар» деп атаған Сырдарияның ескі арналарының бірі – Қуандарияның Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан ортағасырлық оғыз қалаларының бірі. Жанкент, Күйік-қала, Кескен Күйік-қала сынды ескерткіштерді қамтитын бұл атау олардың өз заманында сулы да нулы, батпақты жерде орналасқандығынан туындаса керек (Толстов, 1947: 67). IX-XI ғғ. бұл қалалар Оғыз мемлекетінің орталығына айналып, тарихи-этникалық, саяси, экономикалық байланыстарда маңызды роль атқарады. Жазба деректерде Жанкент оғыздардың астанасы ретінде сипатталады. Ортағасырлық араб және парсы деректерінде бұл қала бірнеше атаумен аталады, бірақ олардың барлығы «жаңа қала» деген атауды білдіреді.

Әл-Балхидің (X ғ.) Мауераннахр аймағына арналған тағы бір бөлімінің жалғасында Сырдарияның ағысын сипаттап, Жанкент қаласының өзеннің төменгі ағысында орналасуын және Жент, Хуара қалаларының осы жаңа қала жанында орналасуы туралы алғашқы дерек осы автордан бастау алады. Одан әрі: «*Сабран шекарасына жете, түркілер қоныстанған даланы бойлай ағады. (Қала) әл-Қария әл-хадиса (Жаңа Кент) қаласы одан фарсахтай (бір фарсах) қашықтықта орналасқан. Одан, Жаңа Кенттен екі көштей орналасқан Хорезм көліне құйылады. Бұл өзен ұзындығы бойынша Жейхунның үштен екі бөлігіндей. Бейбіт өмірде өзен арқылы Жаңа Кентке астық тасиды. Жаңа Кентте мұсылмандар тұрады және ол оғыздар мемлекетінің астанасы болып саналады. Қыста қала оғыздар патшасының тоқтайтын орнына айналады. Жанында Женд пен Хуара орналасқан. Онда да мұсылмандар қоныстанған, бірақ олардың сұлтандары оғыздық. Осы аталған үш қаланың ішіндегі ең үлкені, Хорезмнен он күндік және Фарабтан жиырма күндік жерде орналасқан – Жаңакент*» (История Казахстана в арабских источниках, 2010: 93). Ибн Хаукалдің (X ғ.) аталмыш қалалар туралы дерегі әл-Балхимен (X ғ.) сәйкес келеді.

Әл-Масудидің дерегінде (X ғ.) «*Онда (Арал теңізінде) түріктерге тиесілі қала жатыр, ол Жаңа қала (әл-Медина әл-Жәдида) деп аталады. Ол жерде мұсылмандар тұрады. Бұл жерде түркілер арасында оғыздар басым, олар жартылай көшпелі, жартылай отырықшы. Оғыздар түркілерден шыққан тайпа, ол үш топқа (бөлінеді): төменгі оғыздар, жоғарғы және орта; олар түріктердің ішіндегі ең батылдары, бойы жағынан ең аласа, көздері ең кішкентай*» (al-Mas'udi, 1870: 212).

«Худуд әл-аламда» (X ғ.) «*Женд, Хуара, Ну ауылы – Шаш өзенінің бойында орналасқан үш қала. Хорезмнен аталмыш қалалардың арасы он күндік жол, ал Фараб пен үшеуінің арасы жиырма күндік жол. Әл-Ғұз (Оғыз) патшасы Ну ауылында қыстайды*» (Худуд әл-алам, 1999: 95).

Әл-Идрисиде (XII ғ.) «(Шаш)... өзен арнасы Сабран жерінен кейін оғыз түркілері орналасқан дала арқылы ағып өтеді. Содан өзен даладан үш миль жерде орналасқан *Жаңа Кентке (әл-Қария әл-хадиса – Янгикет)* жетеді. Содан кейін Жаңа Кенттен екі мархала жерде орналасқан *Хорезм көліне (теңіз) құяды*. Аталмыш Жаңа Кентте мұсылмандар тұрады. Сонымен қатар ол оғыздар мемлекетінің астанасы.

Оғыз билеушісі осы кентте қыстайды. Ол кентпен Жент, Хауара іргелес жатыр. Аталмыш екі кентте мұсылмандар тұрады. Бұл жерлердегі билік оғыздардың қолында. Хорезмнен аталмыш екі кентке дейін 10 мархала. Бұл екі кент Барабтан 20 мархала жерде орналасқан» (әл-Идриси, 2002: 705).

Оғыз қалалары мен қоныстары жайлы әл-Идриси: «*Оғыздар елі – солтүстік пен шығыс жақта біріне-бірі тығыз орналасқан көп қалалы жер. Адам аспас таулары бар. Ол тауларда билеушілері бекінетін мықты бекіністері бар және онда азықтарын сақтайды. Бұл бекіністерде ол жерді қорғайтын түркілер тарапынан жасақталған жауынгерлер шоғырланған. Оғыздардың бір жерден басқа жерге жайылымды жерлер іздеп көшіп-қонулары берберлерге ұқсайды. Олардың мал жүнінен жасалған үйлері бар, олар сонда тұрады*» (әл-Идриси, 2002: 837).

Йақұт әл-Хамауи шығармасында Жанкент қаласы Шахканд атауымен аталады. *Шахканд – Түркістан аумағындағы Жентке жақын қала. Шахканд пен Хорезмге дейін 10 күндік жер немесе одан аз* (Йақұт, Т. III. 1977в: 378).

Қорытынды

Мақалада талданған араб-мұсылман авторларының шығармалардағы Қазақстан аумағында орналасқан қалалардың координаттары, тарихи-географиялық аймақтар мен бағыттардың сипаттамалары, ортағасырлардағы нақты мемлекеттік шекаралар, аймақты мекендеген халықтар, шаруашылығы мен мәдениетіне қатысты құнды мәліметтер археология ғылымының жетістіктерімен салыстырмалы түрде қарастырылды. аш-Шаш (Сырдария) өзенінің алқабына, оның төменгі ағысының батыс жағында орналасқан Сүткент, Уасидж, Жент, Жанкент, (әл-Кария әл-Хадиса), Хауара қалалары, ал шығысындағы Фараб, Кедер, Шауғар (Түркістан), Сауран қалаларына қатысты құнды мәліметтерді сараптай отырып, қала мен дала мәдени байланыстарының жалпы заңдылықтары мен сипатына қатысты тұжырымдарды қайта саралау қажеттігін көреміз. Сырдарияның орта және төменгі ағысы аймағының тарихи-географиясына қатысты мәліметтерді талдау арқылы Қазақстан жеріндегі көшпелілік пен отырықшы өмір салтының дәстүрлері ұштасқан аудандарында аталған аймақтардың саяси, экономикалық, мәдени, этникалық қарым-қатынастары өзара байланыста дамығандығын көреміз. Сондықтан біз қарастырып отырған

аймақтағы қала мәдениетінің қалыптасуы Соғды мен Хорезмнің отарлау нәтижесі емес, керісінше, тәуелсіз, ерекше экономикалық және мәдени аймақ ретінде ерекшеленетінін тұжырымдауға болады. Деректерде аталған ірі қалалар мен оның айналасындағы шағын қалалар және қоныстардың жергілікті негізінде пайда болғанын сараптай отырып, жалпы көшпелілік өмір салты мен мәдениетінің ерекшеліктерін (атап айтқанда көшпелі және отырықшы өмір салтының өзара тығыз байланыстылығы, «таза көшпелілік» ұғымының қателігі) атап өттуге болады. Көшпелі халықтардың мемлекеттілігін жоққа шығаратын зерттеушілерің жалпы көшпелілер қалаларың дамуы мен гүлденуіне мүдделі болмады, сонықтан кей жағдайда олар құрған мемлекеттердің құрамында қала мәдениеті болғанымен, көшпелілер жалпы қалаларды тонау нысаны ретінде ғана қарастырған деген тұжырымдарының бір жақтылығын көреміз. Орта Азияның қалалық мәдениетіндегі көшпелілер мәдениетінің анық

ықпалын кей зерттеушілер қалалық мәдениеттің «жабайылануы» деп бағалай отырып, бірақ бұл процесс кең етек алмады, қалалық мәдениет өз дамуының бұрынғы дәстүрлерін сақтады деп қорытындылағандары белгілі. Алайда бүгінгі таңда Қарахандар жаулапалушылығы мен түрік-селжүктердің қозғалысы Орта Азияның солтүстік-шығысында таза түркілік қалалардың пайда болуы мен бұрынғы иран, тәжік қалаларында түркі элементтерінің таралуына әсер еткені де ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған. Сондықтан, Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың тарихи географиясына қатысты араб авторларының мәліметтері аймақтың экономикалық дамуының ерекшелігі, халықаралық байланыстары мен мәдени өмірінің сипаттамасын қайта тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Алғыс айту: Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым Комитетінің гранттық қаржылай қолдауымен орындалды (AP14871737).

Әдебиеттер

- Al-Muhallabi, 2006. Al-kitab al-aziz au al-masalik ua-l-mamalik. Lihasan bin Ahmad al-Muhallabi. At-tabā' al-ula. Dimashk. 196 p.
- Ал-М ас'уди: Les prairies d'or. Texte et traduction par C. Barbier de Maynard et Pavet de Courteille, vv. I-IX. Paris, 1861-1877
- Ibn al-Fakih al-Hamadani, 1885. Compendium Libri Kitab al-Boldan auctore Ibn al-Fakih al-Hamadani / Ed. M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum (BGA, V). 365 p.
- ibn Musa al-Huwarizmi, 1926. Das Kitab Surat al-ard des Abu Ga'far Muhammad ibn Musa al-Huwarizmi /Hrsg. nach handschriftlichen Unikum der Bibliothek de L' Universite et Regionale in Strassburg (Cod. 4247) Hans von Mzik. Leipzig.
- Hudud al-Alam, 1937. The Regions of the World. A Persian geography 372 A.H.-982A.D. Translated and explained by V. Minorsky. London. 544 p.
- Йақұт, 1977. Jakut ibn 'Abdallah al-Hamavi. Mu'zham al-buldan. al-mudzhallad I. Beirut. 540 p.
- Йақұт, 1977a. Jakut ibn 'Abdallah al-Hamavi. Mu'zham al-buldan. al-mudzhallad II. Beirut. 549 p.
- Йақұт, 1977б. Jakut ibn 'Abdallah al-Hamavi. Mu'zham al-buldan. al-mudzhallad III. Beirut. 470 p.
- Йақұт, 1977в. Jakut ibn 'Abdallah al-Hamavi. Mu'zham al-buldan. al-mudzhallad IV. Beirut. 501 p.
- Йақұт, 1977д. Jakut ibn 'Abdallah al-Hamavi. Mu'zham al-buldan. al-mudzhallad IV. Beirut. 461p.
- Kitab al-masalik wa-l-mamalik auctore Ibn Khordadbeh, 1889. Accedunt excerpta e Kitab al-Kharadj et auctore Kodama ibn Djafar, ed. M. J. de Goeje, Lugduni Batavorum, (BGA, VI). – 548 p.
- Syzdykov B., Zhetibayev K., Bakhtybayev M. 2021. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Bulliten of history of the Al-Farabi Kazakh national university. No.4 (103). Almaty. 42-52 pp.
- The Geographical Part of the Nuzhat-al-Qulub, 1915. Composed by Hamd-allah of Mustawfi of qazwin in 740 (1340). Edited by G. Le Strange. Leyden: E. J. Brill, 386 p.
- Al-Istakhri, 1927. Vide regnorum. Descriptio ditiois moslemicae auctore Abu Ishak al-Istakhri / Ed. M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum, 364 p.
- Агеева Е.И., Пацевич Г.И., 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ АН КазССР. Т. V. Алма-Ата, 295 с.
- Ал-Балазури, 1987. Ахмад ибн Йахйа ибн Джабир ал-Балазури. Завоевание Хорасана (Извлечения из сочинения «Футух ал-булдан») / Перевод с арабского, предисловие, комментарий и указатели к.и.н. Г. Гаибова. Душанбе: Дониш, 170 с.
- Ал-Идриси, 2002. Китаб нузхат ал-муштак фи ихтиаки-л-афак. ал-муджаллад I-II. ал-Кахира: Мактаба ас-сакаба ва-д-динийа, 1112 б.
- Ал-Макдиси, 1991. Аксан ат-такасим фи м'арифат ал-акалим. Ал-Кахира: Мактабу-л-матбули. 518 б.
- Ас-Самани, 1980. эл-Ансаб. эл-Жуз' I-XII. Кахира: Мактабату ибн Таймийа, Т.2.
- Байпаков К.М., 2013. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX–XIII в. Алматы. 514 с.

- Байпаков К.М., 1986. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII в.). Алма-Ата: Наука. 256 с.
- Байпаков К.М., 2016. Урбанизация Казахстана в XIII – первой половине XV в. // Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Алматы. Кн. III, ч. 1. 596 с.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А., 2005. Средневековый город Сауран. Алматы. 202 с.
- Байпаков К, Нұржанов А., 1992. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы. 208 б.
- Байтанаев Б.А., 2012. История Шымкента: 2200 лет по археологическим источникам. Алматы, 2012. 251 с.
- Балазури, 1986. Liber Expugnacionis Regionum, auctore Imamo Ahmed ibn Jahja ibn Djabir al-Beladorsi, quem E Codice Leidensi Etcodice Musei Britannici edidit M.J. De Goeje. Lugduni Batavorum. E.J. Brill. **р.
- Бал'ами, 1874. Та рихи ат-Табари, литогр. Изд., Каунпор, 1874 // Cronique de Tabari, traduite sur la version persane d'Abou Ali Mohammad Bel' ami par M.H. Zotenberg, I-IV, Paris, 1867-1874.
- Бартольд В.В., 1963. Общие работы по истории Средней Азии. Москва. Т. 2. Часть 1. 1020 с.
- Бартольд В.В., 1965. Работа по исторической географии. Москва: Издательство наука. Т. III. 707 с.
- Волин С., 1960. Сведения арабских источников IX-XVI вв. в долине реки Талас и смежных районов / Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т.8. 1960. С. 72-92.
- Елеуов М., Есенов С., 2019. Қазақстанның Оңтүстік өңірі арқылы өткен керуен жолдары. //«Ұлы Жібек жолы – Бейбітшілік, келісім және тұрақтылық жолы - 2019» атты І-ші Халықаралық конференциясының материалдары (19-20 қыркүйек 2019 жыл). Түркістан, «Тұран» баспасы. 334 б.
- Жолдасбаев С., 2010. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспасы. 246 б.
- Ибн Хаукал, 1992. Китаб сурат ал-ард. Байрут: Маншура дар ал-макабати-л-хаййат, 1992. 439 б.
- История Казахстана в арабских источниках, 2010. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. / Вступительная статья, перевод с арабского, комментарии, тексты и факсимилье Б. Е. Кумеков, Р. Б. Кумекова. Отв. ред. А. К. Муминов. Алматы: Дайк-Пресс. Т. 2. 328 с.
- Көмеков Б.Е., Ильясова З.С., 2011. Йақұттың «Му'джам әл-булдан» (XIII ғ.) географиялық жинағы Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. Алматы. 245 б.
- Крачковский И.Ю., 1955. Над арабскими рукописями // Избранные сочинения. Т. 1. М.-Л.: Издательство АН СССР. 469 с.
- Кумеков Б.Е., Кумекова Р.Б., 2020. Историческая география Казахстана по средневековым картам IX-XIV веков мусульманской культуры: монография в виде альбома. Алматы: «Қазақ университеті». 111 с.
- Қожа М.Б., 2017. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археологиялық деректер негізінде. Алматы: «Орхон» Баспа үйі. 312 б.
- Материалы по истории киргизов и Киргизии, 1973. Вып.: I. Москва: Наука. 280 с.
- Материалы по истории Туркменистана и Туркменистана, 1939. Т. I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники / Под редакцией С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовоского. Отв. редактор А.П. Баранников. Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР. 612 с.
- Пәрменқұл С.Т., Сиздиқов Б.С., 2022. Сырдың орта ағысының көне атаулары, аңыздары мен байырғы қалажұрттарының қысқаша зерттелу тарихы // Ясауи университетінің хабаршысы. №1 (123). 279–291 бб.
- Смагулов Е.А., 2010. Древний Сауран. Алматы, 2010. 358 с.
- Талеев Д.А., 2008. Қараспандөбе кешеніндегі 2007 ж. жүргізілген зерттеудің түйіні. Известия НАН РК. Серия общественных наук. № 1. 188-190 бб.
- Талеев Д.А., 2022. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Арқук// Қазақстан археологиясы № 1 (15) 2022. 57-69 бб.
- Толстов С.П., 1947. Города гузов // Советская этнография №3 Москва: Изд-во. АН СССР. С. 55-102.
- Толстов С.П., 1962. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва:Изд-во восточной литературы. 1962. 324 с.
- Худуд ал-‘алам, 1999. мин ал-машрик ила-л магриб. Мулаллиф мажғұл катабаху ‘ам 372 х. тахкик Иусуф ал-Хади. ал-Кахира: Дару ас-сакафати л-н-нашр, ат-таб‘а ас-салиса. 164 б.

References

- Al-Muhallabi, 2006. Al-kitab al-aziz au al-masalik ua-l-mamalik. Lihasan bin Ahmad al-Muhallabi. At-tabā' al-ula. Dimashk. 196 p. [In Arabic]
- Ал-М ас'уди: Les prairies d 'or. Texte et traduction par C. Barbier de Maynard et Pavet de Courteille, vv. I-IX. Paris, 1861-1877
- Ibn al-Fakih al-Hamadani, 1885. Compendium Libri Kitab al-Boldan auctore Ibn al-Fakih al-Hamadani / Ed. M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum (BGA, V). 365 p. [In Arabic]
- Ibn Musa al-Huwarizmi, 1926. Das Kitab Surat al-ard des Abu Ga'far Muhammad ibn Musa al-Huwarizmi /Hrsg. nach handschriftlichen Unikum der Bibliothek de L' Universite et Regionale in Strassburg (Cod. 4247) Hans von Mzik. Leipzig. [In Arabic]
- Hudud al-Alam, 1937. The Regions of the World. A Persian geography 372 A.H.-982A.D. Translated and explained by V. Minorsky. London. 544 p. [In English]

- Йақұт, 1977. Jakut ibn ‘Abdallah al-Hamavi. Mu‘zham al-buldan. al-mudzhallad I. Bejrut. 540 p. [In Arabic]
- Йақұт, 1977а. Jakut ibn ‘Abdallah al-Hamavi. Mu‘zham al-buldan. al-mudzhallad II. Bejrut. 549 p. [In Arabic]
- Йақұт, 1977б. Jakut ibn ‘Abdallah al-Hamavi. Mu‘zham al-buldan. al-mudzhallad III. Bejrut. 470 p. [In Arabic]
- Йақұт, 1977в. Jakut ibn ‘Abdallah al-Hamavi. Mu‘zham al-buldan. al-mudzhallad IV. Bejrut. 501 p. [In Arabic]
- Йақұт, 1977д. Jakut ibn ‘Abdallah al-Hamavi. Mu‘zham al-buldan. al-mudzhallad IV. Bejrut. 461p. [In Arabic]
- Kitab al-masalik wa-l-mamalik auctore Ibn Khordadbeh, 1889. Accedunt excerpta e Kitab al-Kharadj et auctore Kodama ibn Djafar, ed. M. J. de Goeje, Lugduni Batavorum, (BGA, VI). – 548 p. [In Arabic]
- Syzdykov B., Zhetibayev K., Bakhtybayev M. 2021. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Bulliten of history of the Al-Farabi Kazakh national university. No.4 (103). Almaty. 42-52 pp.
- The Geographical Part of the Nuzhat-al-Qulub, 1915. Composed by Hamd-allah of Mustawfi of qazwin in 740 (1340). Edited by G. Le Strange. Leyden: E. J. Brill, 386 p. [In Arabic]
- Al-Istakhri, 1927. Vide regnorum. Descriptio ditiois moslemicae auctore Abu Ishak al-Istakhri / Ed. M.J. de Goeje. Lugduni Batavorum, 364 p. [In Arabic]
- Ageeva E.I., Patsevich G.I., 1958. From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan // ТИАЕ АН КазССР. Т. V. Alma-Ata, 295 p. [in Russian]
- Al-Balazuri, 1987. Ahmad ibn Yahya ibn Jabir al-Balazuri. Conquest of Khorasan (Extracts from the work “Futuh al-buldan”) / Translation from Arabic, preface, commentary and indexes Ph.D. G. Gaibova. Dushanbe: Donish, 170 p. [in Russian]
- Al-Idrisi, 2002. Kitab nuzhat al-mushtaq fi ihtikiaki-l-afaq. al-mudjallad I-II. al-Qahira: Maktaba al-sakaba wa-d-diniya, 1112 b. [In Arabic]
- Al-Maqdisi, 1991. Aksan at-takasim fi m'arifat al-akalim. Al-Qahira: Maktabutul-matbuli. 518 b. [In Arabic]
- As-Samani, 1980. Al-Ansab I-XII. Kahira: Maktabatu ibn Tamiyya, Vol.2. [In Arabic]
- Baypakov K.M., 2013. Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on research materials of the South Kazakhstan complex archaeological expedition). Book II. Urbanization of Kazakhstan in the 9th–13th centuries. Almaty. 514 pp. [in Russian]
- Baipakov K.M., 1986. Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye (VI - early XIII century). Alma-Ata: Science. 256 pp. [in Russian]
- Baypakov K.M., 2016. Urbanization of Kazakhstan in the XIII - first half of the XV centuries. // Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on research materials of the South Kazakhstan complex archaeological expedition). Almaty. Book III, part 1. 596 p. [in Russian]
- Baipakov K.M., Smagulov E.A., 2005. The medieval city of Sauran. Almaty. 202 p. [in Russian]
- Baypakov K., Nurzhanov A., 1992. Uly zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakhstan. Almaty. 208 b. [[in Kazakh]
- Baytanaev B.A., 2012. History of Shymkent: 2200 years according to archaeological sources. Almaty, 2012. 251 p. [in Russian]
- Balazuri, 1986. Liber Expugnacionis Regionum, auctore Imamo Ahmed ibn Jahja ibn Djabir al-Beladorsi, quem E Codice Leidensi Etcodice Musei Britannici edidit M.J. De Goeje. Lugduni Batavorum. E.J. Brill. **p. [In Arabic]
- Bal'ami, 1874. Ta rihi at-Tabari, lithograph. Ed., Kaunpor, 1874 // Cronique de Tabari, traduite sur la version persane d'Abou Ali Mohammad Bel' ami par M.H. Zotenberg, I-IV, Paris, 1867-1874. [In Arabic]
- Bartold V.V., 1963. General works on the history of Central Asia. Moscow. T. 2. Part 1. 1020 p. [in Russian]
- Bartold V.V., 1965. Work on historical geography. Moscow: Nauka Publishing House. T. III. 707 p. [in Russian]
- Volin S., 1960. Information from Arabic sources of the 9th-16th centuries. in the valley of the Talas River and adjacent areas / Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. T.8. 1960. pp. 72-92.. [in Russian]
- Eleuov M., Esenov S., 2019. Kazakhstan Ontustik oniri arkyly otken keruen zholdary. //“Uly Zhibek Zholy - Beybitshilik, kelisim zhane turaktylyk Zholy - 2019” at the First Khalykaralyk Conference on Materials (19-20 Kyrkuyek 2019). Turkistan, “Turan” baspasy. 334 b. [in Kazakh]
- Zholdasbaev S., 2010. Ortagasyrlyk Syganak kalasy (X–XVIII years). Turkistan: Turan baspasy. 246 b. [in Kazakh]
- Ibn Haukal, 1992. Kitab surat al-ard. Bayrut: Manshura dar al-makabati-l-haiyat, 1992. 439 b. [In Arabic]
- History of Kazakhstan in Arabic sources, 2010. Arab geographers and travelers of the 9th-12th centuries. / Introductory article, translation from Arabic, comments, texts and facsimiles by B. E. Kumekov, R. B. Kumekova. Rep. ed. A.K. Muminov. Almaty: Dyke-Press. T. 2. 328 s.. [in Russian]
- Komekov B.E., Ilyasova Z.S., 2011. Yakuttyn “Mu‘djam al-buldan” (XIII year) geography of the villages of Kazakhstan ortagasyrlyk tarikhynyn villages. Almaty. 245 b. [in Kazakh]
- Krachkovsky I.Yu., 1955. Above Arabic manuscripts // Selected works. T. 1. M.-L.: Publishing house of the USSR Academy of Sciences. 469 pp. [in Russian]
- Kumekov B.E., Kumekova R.B., 2020. Historical geography of Kazakhstan based on medieval maps of the 9th-14th centuries of Muslim culture: monograph in the form of an album. Almaty: “Kazakh Universities”. 111 p. [in Russian]
- Kozha M.B., 2017. Ortagasyrlyk Otyrar tarihy. Tarihi-archeology derekter negizinde. Almaty: “Orkhon” Baspa uyi. 312 b. [in Russian]
- Materials on the history of the Kyrgyz and Kyrgyzstan, 1973. Issue: I. Moscow: Science. 280 pp. [in Russian]
- Materials on the history of Turkmenistan and Turkmenistan, 1939. T. I. VII-XV centuries. Arabic and Persian sources / Edited by S.L. Volina, A.A. Romaskevich, A.Yu. Yakubovosky. Rep. editor A.P. Barannikov. Moscow-Leningrad: Research of the USSR Academy of Sciences. 612 s. [in Russian]

- Parmenkul S.T., Sizdikov B.S., 2022. Syrdyn orta agysynyn kone ataulyry, anyzdary men bayrgy kalazhurtarynyn kyskasha zerttelu tarihy // Yasau universityinin khabarshysy. No. 1 (123). 279–291 bb. [in Kazakh]
- Smagulov E.A., 2010. Ancient Sauran. Almaty, 2010. 358 p. [in Russian]
- Taleev D.A., 2008. Karaspantobe keshenindegі 2007. zhurgizilgen zertteudin tuyini. News of the NAS RK. Social Science Series. No. 1. 188-190 bb. [in Kazakh]
- Taleev D.A., 2022. Syrdaryan salt zhalalauyndagy kalalardyn archeology shezhiresi: Sutkent zhane Arkuk // Kazakhstan archeology No. 1 (15) 2022. 57-69 bb. [in Kazakh]
- Tolstov S.P., 1947. Cities of trucks // Soviet ethnography No. 3 Moscow: Publishing house. Academy of Sciences of the USSR. pp. 55-102. [in Russian]
- Tolstov S.P., 1962. On the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes. Moscow: Publishing House of Oriental Literature. 1962. 324 p. [in Russian]
- Hudud al-'alam, 1999. min al-mashriq ila-l maghrib. Mulallif mazhul katabahu 'am 372 x. tahqiq Yusuf al-Hadi. al-Qahira: Daru as-sakafati l-n-nashr, at-tab'a as-salisa. 164 b. [In Arabic]